



4 маусым, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

### МЕРЕЙ

2 Мерекелік шаралар онлайн өтеді

### НАРЫК

3 Әнім жеткілікті, баға тұрақты

### КӘСІПКЕРЛІК

5 Мораторийдің мәні неде?

### АБАЙ – 175

6 Ұрпақ жүрегіне жол



### ● ПРЕЗИДЕНТ

## БАС ПРОКУРОРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Бас прокурор Физат Нұрдәулетовті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жайында баяндады. Бас прокурор Төтенше жағдай режимі кезінде қылмыс деңгейінің төмендегенін атап өтті.

Қазақстан Президентіне ірі қылмыстық істердің тергелу барысы және қоғамдық мүддені қорғауға қатысты жұмыстар туралы мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев дағдарысқа қарсы шаралардың орындалуын қатаң бақылай отырып, заңдылықты сақтау, мемлекет пен қоғам мүддесін қорғау бағытындағы жұмыстарды жағсыра беру қажеттігін айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

### ● ПАРЛАМЕНТ

## АУЫЛДАРҒА САПАЛЫ ИНТЕРНЕТ ЖТЕДІ

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттардың өздері бастамашы болған ауылдық елді мекендерді интернетке кеңірек қолжетімділікпен қамтамасыз ету мақсатында әзірленген. Сонымен қатар, байланыс объектілерін салу кезінде жер учаскелерін ресімдеу бойынша рұқсат беру рәсімдерін оңайлатуға және байланыс операторларының барлығына телекоммуникациялық инфрақұрылымға тең қол жеткізу мүмкіндігін беруге бағытталған.

Аталған заң жобасында елді мекендерді ұялы байланыспен қамтып, желінің сапасын арттыру үшін байланыс операторларына телекоммуникациялық инфрақұрылымды бірлесіп пайдалану ұсынылады. Заң жобасы ауыл тұрғындарының сапалы және қолжетімді интернетпен қамтамасыз етуге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Жалпы бұл құжат ауылдық елді мекендерді интернетке кеңірек қолжетімділікпен қамтамасыз ету мақсатында әзірленген. Сонымен қатар, байланыс объектілерін салу кезінде жер учаскелерін ресімдеу бойынша рұқсат беру рәсімдерін оңайлатуға және байланыс операторларының барлығына телекоммуникациялық инфрақұрылымға тең қол жеткізу мүмкіндігін беруге бағытталған.

### ● ҮКІМЕТ

## БІРІНШІ ВИЦЕ-МИНИСТР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Ақмәди Әділұлы Сарбасов ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі қызметіне тағайындалды. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің баспасөз қызметі хабарлайды.

А.Сарбасов 1977 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін және Еуразия гуманитарлық университетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1994 жылы бастады. Түрлі жылдары ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымында жұмыс істеді. 2017 жылдан 2019 жылғы сәуір айына дейін ҚР ЕХӨҚМ Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-кон комитетінің төрағасы – ҚР бас мемлекеттік еңбек инспекторы. 2019 жылғы сәуір айынан қазірге дейін ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі болып еңбек етті.



## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

Қоғамдық бірегей феномен ретінде мемлекеттік рәміздердің терең тарихи тамырлары бар және ол қоғамның дамуымен тығыз байланыста жүреді. Рәміздердің қалыптасуына жүздеген, мыңдаған жылдар жұмсалды.

Жалпы мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі және ол белгілі бір мағына берерлік өзара үйлесімде орналастырылған бейнелерден құрастырылады. Мұндай бейнелер үйлесімінен мемлекеттің, халықтың арман-мұраты, өзін-өзі түйсінуі көрініс береді.

Рәміздер көне замандардағы ру-тайпаны қорғаушы болып есептелетін тотемдік аң-құстың бейнелерінен, рудың, әулеттің мал-мүлікке салынған ен-танбаларынан шыққан. Сонымен қатар, көптеген көне калалардың, қала-мемлекеттердің өз танбалары болғаны тарихтан белгілі. Мәселен, б.з.б. 3-мыңжылдықта Шумер мемлекетінің арыстан басты қыран бейнеленген танбалары, Грекиядағы Афина үкісі, Коринфтің қанатты пірағы, Родостың раушаны, Самостың таусы құсы, Византияның екібасты қыраны және т.б. Көк бөрінің ұрпағымыз деп санайтын түркі жұрты бөрінің басы бейнеленген көк байрақты ұстанған.

Қазақ халқында әрбір рудың мал-мүлікке салатын өз танбасы болған. Соғыс жағдайында межелі жерге әрбір рудың жасағы өз руының танбасы салынған байрақ ұстап, хан туының астына жиналған.

1991 жылдың 16 желтоқсанында еліміз өзінің тәуелсіздігін жариялап, әлемдік қауымдастық құрамына егемен, тәуелсіз мемлекет ретінде енді. Бұл тарихи оқиға, қазақ халқының бірнеше ұрпағының санасырлық арманы болатын.

1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңес Президиумының жаңа мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулысы шықты. Соған сәйкес арнайы ыңғармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына С.Зиманов, Е.Шәймерденов сияқты кайраткерлер кірді.

2-бет.

Облыста 6000-нан астам түлек алтын ұя – мектебінен түлеп ұшып, арман жолына қанат қаққалы тұр. Қазіргі қалыптасып отырған карантиндік ережелерге сәйкес 11 сынып бітірушілері үшін "Соңғы қоңырау" салтанаты 3-4 маусым күндері аталып өтуде. Мерекелік шарада бітіруші түлектердің 548-і "Алтын белгі", ал 363-і "Үздік аттестат" иегері атанды.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы».

## АТТАНДЫҚ САПАРҒА, КӨҢІЛДЕ МОЛ АРМАН...

Алдын ала белгілі болғандай, 6 059 бітіруші түлектің 5 216-сы ҰБТ-ға қатысуға өтініш берген. Ал ҰБТ жылдағыдай 20 маусым – 5 шілде аралығында өтеді деп жоспарланып отыр. Айта кеткіміз керек, биылғы жылдың бір ерекшелігі – ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың бұйрығымен ҰБТ кезінде тест тапсырушыларға калькулятор пайдалануға рұқсат берілетіні және тестілеу уақыты 3 сағат 50 минуттан 4 сағатқа дейін ұзартылғаны белгілі. Бұл жаңалық талапкерлер мен ата-аналарға қуаныш сыйлағаны да айтып өткеніміз жөн болар. Сондай-ақ, сынақ тапсыру кезінде талапкерлердің

тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталса, тестілеу нәтижесі жойылатыны да ескертілді.

Ал облыс орталығы мен аудандарда өткен мерекелік салтанатта түлектерді қала, аудан әкімдері құттықтап, аттестаттар мен марапаттаулар тапсырды.

Айта кетейік, мерекелік шаралар санитарлық талаптарды сақтай отырып, белгіленген уақыт шеңберінде аталып өтті. Сонымен қатар, мұғалімдерге, ата-аналарға мектеп бітірушілердің қортебесі серуендеуіне, кафе-мейрамханаларда тойлауына немесе табиғат аясында атап өтуге тыйым салынатыны тағы бір ескертілді.



Суретті түсірген: Нұрболан НҮРЖАУБАЙ.

### ● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

## «ҚАРМАҚШЫ ҚҰС» ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биыл Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығына қадам бастық. Осы кезеңде өңірде жалпы құны 550 млрд теңге болатын 23 жобаны іске асыру кезделіп отыр. Жоба аясында алты жарым мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылады деген жоспар бар.



Осы ретте облыс әкімі аудандарға сапары кезінде БАҚ өкілдеріне берген шағын сұхбатында биыл үш өндірістік нысанды іске қосу басты міндет екенін жеткізген еді. Олар – Қызылорда қаласындағы шыны зауыты, Қармақшы ауданындағы құс фабрикасы және Аралдағы балықты терең өңдеу және қайық жасау зауыты.

Осы үш ірі жобаның бірі, Индустрияландыру бағдарламасының екін-

ші бесжылдығы кезеңінде өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына енген «Қармақшы құс» ЖШС фабрикасы биыл іске қосылады. Үш жыл бұрын құрылысы басталған құс фабрикасының облыста азық-түлік өндірісінде рөлі зор болмақ. Фабрика бір жылда 1500 тонна құс етін өндіруге қауқарлы. Жобаның

жалпы құны 2 млрд теңгеге жуықтайды. Мұны қаржыландыруды «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен «Ақтобе и К» ЖШС бірлесіп атқаруда.

– Фабриканы биыл іске қосу бойынша жоба бастамашысымен бірлесіп, жұмыстар жүргізілуде. Нысанның әкімшілік және бақылау-өткізу пунктін жалпы құрылысы, сумен жабдықтау, сантехника орнату, ішкі электр жүйесі, жылу және вентиляциясы сияқты инженерлік желілері тартылды. Фабриканың аумағы қоршалып, 6 құс шехының құрылысы, металды конструкциялар, сәндік панелмен қаптау жұмыстары да бітті. Қазіргі таңда ішкі жұмыстары жүргізілуде, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Әбдікеев.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ,  
«Сыр бойы».

### COVID-19

## 270 АДАМ АУРУДАН АЙЫҚТЫ

Сәрсенбіде аймақта коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 448-ге жетсе, 268 адам аурудан айықты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Соңғы тәулікте 23 дерек тіркелді. Оның 15-і індет жұқтырғандармен байланыста болған, біреуі провизорлық стационардан, 6-ы скринингтеуден, біреуі ТШО жұмысшысынан және біреуі Алматыдан келген солдаттан анықталды, – делі о.

Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 5110 азамат анықталды. Оның 2912-сі жақын қарым-қатынаста, 2198-і жанама бай-

ланыста болған. Бұдан бөлек, инфекциялық стационарда 139 адам ем алууда. Оның 22-сі карантиндік госпитальда, 23-і провизорлық стационарда, ал 251 азамат карантиндік бақылауда.

Кеше кешкілік дерек бойынша індет жұқтырғандар саны 456-ға жетті. 270 адам аурудан айықты

«СБ» ақпарат.









